

**Түркістан облысының білім басқармасының Шардара ауданының білім бөлімінің «Құралай апа 1» бөбекжай балабақшасы ЖШС**

Педагогикалық кеңестің

**Хаттамасы № 1**

04.09.2023 жыл

Қатысқандар – бөбекжай балабақша педагогтары

**Күн тәртібінде**

1. Педагогикалық кеңес құрамын қайта бекіту, хатшы сайлау
2. 2023-2024 оқу жылына арналған Әдістемелік нұсқау хаттың мазмұнын талқылау;
3. Бөбекжай балабақшаның жұмысының жылдық жоспарын бекіту
4. Жаңа нормативтік – құжаттарымен танысып, талқылау
5. Аттестаттау комиссиясы құрылып, жоспарын бекіту
6. Әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын құру
7. Жас мамандарға тәлімгерлерді бекіту

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжай-бақша меңгерушісі А.Таженова педагогикалық кеңес құрамын қайта бекітіп, хатшы сайлау керектігі туралы айтып, 2023-2024 оқу жылына арналған Әдістемелік нұсқаулық хаттың мазмұнын педагогтармен бірге талқыланды. Бөбекжай-бақшаның жылдық жоспары педагогтарға таныстырылып, жұмыс барысында осы жоспардың жүргізілуіне барлығымыз бірге атсалысайық деп өз сөзін аяқтады. Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша бөбекжай-бақша әдіскері Г. Қантаева сөз алып жаңа нормативтік-құжаттардың қысқаша мазмұнымен таныстырып, педагогтарға 21 нормативтік құқықтық құжаттармен жұмыс жасау қажеттілігі айтылып, педагогтарды аттестаттау комиссиясы құрылып, жоспарын бекіту қажет екенін айтты. Әдіскер әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын құру керектігін айтты. Күн тәртібіндегі қаралатын кезекті мәселе бойынша, меңгеруші А.Таженова жас мамандарға тәлімгерлерді бекіту қажет екенін айтып өз сөзін аяқтады.

**Жиналыс қаулы етеді:**

1. Педагогикалық кеңес құрамын қайта бекітіліп, хатшы сайлансын
2. 2023-2024 оқу жылына арналған Әдістемелік нұсқау хатты негізге алып жұмыс жасалсын.
3. Бөбекжай-бақшаның жұмысының жылдық жоспары бекітілсін.

4. Жаңа нормативтік – құжаттар негізге алынып жұмыс жасалсын
5. Аттестаттау комиссиясы құрылып, жоспары бекітілсін
6. Әр топта балаларға жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасы құрылсын
7. Жас мамандарға тәлімгер бекітілсін

Директор  А.Таженова

Хатшы  Г.Даужанова

**Түркістан облысының білім басқармасының Шардара ауданының  
білім бөлімінің «Құралай апа 1» бөбекжай балабақшасы ЖШС**

Педагогикалық кеңестің

**Хаттамасы № 2**

01.11.2023 жыл

Қатысқандар – бөбекжай балабақша педагогтары

Күн тәртібінде

1. № 1 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы
2. «Балабақшада балалардың дене бітімінің жан-жақты дамуына жағдайлар туғызу» тәжірибе алмасу
3. «Мектепке дейінгі білім беру ұйымында денсаулық сақтау технологияларын қолдану және мектеп жасына дейінгі балалардың салауатты өмір салтын қалыптастыру» баяндама

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжай-бақша меңгерушісі А.Таженова сөз алып, өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің жақсы деңгейде орындалғаны жөнінде айтып өтті.

Екінші мәселе бойынша бөбекжай-бақша әдіскері Г.Қантаева сөз алды. Балалардың дене бітімінің жан-жақты дамуына жағдай туғызу денсаулықты сақтау технологиясын қолдана отырып, балалардың денсаулығын нығайтатын, ағзаны шынықтыратын іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы қамтамасыз етілетін баланың физикалық, психологиялық, эмоционалдық денсаулығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету керектігін айтып өтті.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша тәрбиеші А. Қантаева «Мектепке дейінгі білім беру ұйымында денсаулық сақтау технологияларын қолдану және мектеп жасына дейінгі балалардың салауатты өмір салтын қалыптастыру» тақырыбында баяндама оқыды.

**Жиналыс қаулы етеді:**

1. Балалардың өмірін қорғауға және денсаулықты нығайтуға, ағзаның үйлесімді психофизикалық дамуы үшін жас ерекшеліктеріне қарай жағдай жасалсын.

Меңгеруші



А. Таженова

Хатшы



Г. Даужанова

**Түркістан облысының білім басқармасының Шардара ауданының білім бөлімінің «Құралай апа 1» бөбекжай балабақшасы ЖШС**

Педагогикалық кеңестің

**Хаттамасы № 3**

03.01.2024 жыл

Қатысқандар – бөбекжай балабақша педагогтары

Күн тәртібінде

1. № 2 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы
2. «Мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру» баяндама
3. «Мектеп жасына дейінгі балаларға әлеуметтік дағдылары игертудің жолдары» (кеңес)
4. Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру бойынша аралық даму мониторингі

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжай-бақша меңгерушісі А. Таженова сөз алып, өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің өз дәрежесінде өткендігін атап өтті.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша тәрбиеші Д. Балтабекова «Мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру» тақырыбында баяндама оқыды.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша әдіскер Г. Қантаева сөз алып «Мектеп жасына дейінгі балаларға әлеуметтік дағдыларды игертудің жолдары» тақырыбында бөбекжай-бақша педагогтарымен кеңесті.

Күн тәртібіндегі қаралатын төртінші мәселе бойынша бөбекжай-бақша педагог-психолог Г. Қантаева сөз алды. Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру бойынша аралық даму мониторингіті әр топ жас ерекшелігіне қарай мұқият толтырылуы қажет екендігін айтып өз сөзін аяқтады.

**Жиналыс қаулы етеді:**

1. Мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру бағытында жұмыс жүргізілсін.
2. Мектеп жасына дейінгі балаларға әлеуметтік дағдылары игерту қолға алынсын.

3. Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру бойынша барлық топ тәрбиеленушілеріне аралық даму мониторингі жасалсын.

Меңгеруші



А. Таженова

Хатшы



Г. Даужанова

**Түркістан облысының білім басқармасының Шардара ауданының білім бөлімінің  
«Құралай апа 1» бөбекжай балабақшасы ЖШС**

Педагогикалық кеңестің

**Хаттамасы № 4**

01.04.2024 жыл

Қатысқандар – бөбекжай балабақша педагогтары

Күн тәртібінде

1. № 3 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы
2. «Мектеп жасына дейінгі балаларға патриоттық тәрбие берудің тиімділігі» баяндама
3. «Ұлттық ойындарға байланысты ойындар картотекасы» (тәжірибе алмасу)

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжай-бақша меңгерушісі

А. Таженова сөз алып, өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің өз дәрежесінде өткендігін атап өтті.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Г. Қантаева Патриоттық тәрбиенің басты мақсаты – еліміздің тәуелсіздігі мен егемендігін, тыныштық пен бейбітшілікті сақтайтын, ұлтаралық мәдениетті дамытатын, еліміздің рәміздеріне құрметпен қарайтын, әлемдік деңгейде бейбітшілік пен өркениеттілікке өз үлесін қосатын адамгершілік мұраты биік патриот, намысын қаһарман, қайсар, жігерлі жас ұрпақты тәрбиелеу. Ендеше, егеменді елдің азаматын тәрбиелеуде әр тәрбиешінің, ұстаздың мақсаты-дені сау, ұлттық сана-сезімі ояңған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, іскер бойында игі қасиеттері бар адамды тәрбиелеу. Әрбір бала өзінің қоршаған ортасын, айналадағы құбылыстарды, өзінің және өзгенің мәдениетін тану арқылы жетілетіні ақиқат. Бүгінгі мектеп жасына дейінгі мекеменің басты міндеті- білім беру мен тәрбиелеу үрдісінде ұлттық азаматтық игіліктерді, мәдени мұраларды насихаттай отырып, балалардың патриоттық сезімін қалыптастыру.

Мектепке дейінгі жастағы балалардың адами-патриоттық міндеттері:

1. Баланың өзінің отбасына, үйіне, балабақшасына, көшесіне, қаласына деген сүйіспеншілік пен бауыр басып кетуін тәрбиелеу;
  2. Табиғат пен бүкіл тірі жанға ұқыпты қатынасты қалыптастыру;
  3. Еңбекке деген сыйластықты тәрбиелеу;
  4. Халық салтына және кәсіптікке қызығушылығын тудыру;
  5. Адам құқығы жайлы қарапайым білімдерді қалыптастыру;
  6. Қазақстан қалалары жайлы хабарын кеңейту;
  7. Балаларды мемлекет рәміздерімен таныстыру (елтаңба, ту, әнұран);
  8. Мемлекет жетістіктері үшін жауапкершілік пен абырой сезімдерін дамыту;
  9. Өзара сыйлау, басқа ұлттарға олардың салттарына деген сыйластықты қалыптастыру.
- Еліміздің болашағы-жас ұрпақты тәрбиелеуде бірінші бесік-отбасы, ата-ана тәрбиесі болса, екінші бесік –білім беру мекемесі. Мектепке дейінгі кезеңдегі тәрбие — адам қалыптасуының алғашқы баспалдағы болса, бүлдіршіндеріміздің бойында рухани-патриоттық сана-сезімді қалыптастыру бағыты бойынша тәрбие беріп, ел болашағына өз үлесін қосуда. Мектепке дейінгі мекемеде балалардың ойын еркін жеткізуде, рухани патриоттық тұрғыдан білім алуына тәрбиеленуіне барлық жағдай жасалған.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша А. Қантаева «Ұлттық ойындарға байланысты ойындар картотекасы» бойынша баяндама оқыды. Баяндама барысында арқан тартыс ойынына ерекше тоқталып өтті. Мақсаты: Қазақтың ұлттық ойындарын жүргізу, арқан тартыс ойыны арқылы балалардың қазақтың салт- дәстүрін, әдет- ғұрпын, туған елге, жерге, өз отанына деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру. Шарты: Ойынға ұзындығы 10 метрдей жуан кендір арқан керек. Ол арқанның тең ортасынан орамалмен орап белгі жасайды, белгінің екі жағынан бір жарым-екі метрдей жерден тағы да жоғарыдағы тәртіппен белгілейді. Ойынға қатынасушылар тең екі топқа бөлінеді. Олардың саны 10—12 адам болуы мүмкін, ойыншылар бойларына қарай қатар түзеп тұрады .

### **Жиналыс қаулы етеді:**

1. «Мектеп жасына дейінгі балаларға патриоттық тәрбие берудің тиімділігі» баяндама жақсы деңгейде бағаланды.
2. «Ұлттық ойындарға байланысты ойындар картотекасы» көбейтілсін.

Меңгеруші

Хатшы



А.Таженова



Г.Даужанова

**Түркістан облысының білім басқармасының Шардара ауданының білім бөлімінің «Құралай  
апа 1» бөбекжай балабақшасы ЖШС**

Педагогикалық кеңестің

**Хаттамасы № 5**

02.05.2024 жыл

Қатысқандар – бөбекжай балабақша педагогтары

Күн тәртібінде

1. № 4 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы
2. Педагогтердің, психологтың, медбикенің 2023-2024 оқу жылының қорытынды есебі
3. Балалардың мектепке дайындық деңгейін анықтайтын тест нәтижесімен таныстыру.  
Тренинг
4. 2023-2024 оқу жылының мониторинг қорытынды есебін тыңдау
5. Әр түрлі мәселелер, жазғы сауықтыру іс-шаралары  
Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжай-бақша меңгерушісі  
А. Таженова сөз алып, өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің өз дәрежесінде өткендігін атап өтті.

Күн тәртібіндегі екінші үшінші мәселе бойынша балабақша психологы

Г. Қантаева Тақырыбы: «Керн-Йерасектің баланың мектепке дайындығын анықтау тесті»

Бұл тест балалардың мектепке дайындығын анықтауға арналған. Тест төрт тапсырмадан тұрады.

Балалардың мектепке дайындығын анықтау.

1. Қай жануар үлкен - ат па, әлде ит пе?

Ат - 0 балл, дұрыс емес жауап - 4 балл.

2. Күндіз жарық, ал түнде ...

Қараңғы - 0 балл, дұрыс емес жауап - 4 балл.

3. Аспан көгілдір, ал шөп ...

Жасыл - 0 балл, дұрыс емес жауап - 4 балл.

4. Шие, алма, жүзім, алмұрт - бұл...

Жемістер - 1 балл, дұрыс емес жауап - 1 балл.

5. Пойыз өтерде неге жолдың жиегінде шлагбаум төмен түсіріледі?

Себебі: пойыз бен автокөлік соғысып қалмау үшін, пойыздың астына түсіп кетпеу үшін (т.с.с.) - 0 балл. дұрыс емес жауап - 1 балл.

6. Тараз, Алматы, Қызылорда - бұлар?

Қалалар - 1 балл, станциялар - 0 балл, дұрыс емес жауап - 1 балл.

7. Кішкентай ат - ол құлын, кішкентай ит - бұл ... Кішкентай қой - бұл...

Күшік, қозы - 4 балл, егер екі сұрақтан біреуі болса 0 балл. дұрыс емес жауап - 1 балл.

8. Сағат қанша болғанын көрсетіп тұр? (сағатта көрсету) Жақсы көрсетілген - 4 балл. Тек жарты немесе тура көрсетсе - 3 балл. Сағат білмесе - 0 балл.

9. Ит тауыққа ұқсаған ба, әлде мысыққа ма? Неліктен ұқсас, олардың несі бірдей? Мысыққа, өйткені оларда төрт аяқ, жүндері, құйрығы ұқсайды - 0 балл. Мысыққа ұқсастықтарын айтпаса - 1 балл.

10. Неге барлық автокөліктерде тежегіш бар?

Екі жағдайда (таудан түсіп келе жатқанда, бұрылыста соғысып қалмау үшін) - 1 балл. Бір жағдайда - 0 балл, дұрыс емес жауап - 3 балл.

11. Балға мен балтаның ұқсастығы неде?

Бірдей екі ұқсастық - 3 балл (олар ағаштан, темірден жасалған, олардың ұстағыштары бар).

Олар аспаптар, олармен шеге қағуға болады - 1-2 балл. дұрыс емес жауап - 0 балл.

12. Тиін мен мысық қалай ұқсас?



Олар жануарлар (оларда 4 аяқтары бар, жүндері, олар ағаштарға өрмелей алады) - 3 балл. Бір ұқсастық - 2 балл. дұрыс емес жауап - 0 балл.

13. Футбол, ұзындыққа секіру, теннис, жүзу - бұл ... Спорт, дене тәрбиесі - 0 балл. Ойындар (жаттығу), гимнастика, сайысу - 2 балл. дұрыс емес жауап - 0 балл.

14. Қандай көлік түрлерін білесің?

Үш жерде жүретін көлік немесе толық атаулары, ұшақпен, жеңіл автокөлікпен, кемемен (тек түсіндіріп болғаннан кейін). Көліктер - 2 балл.

Дұрыс емес жауаптар - 0 балл.

15. Кәрі адам мен жас адамның айырмашылығы неде?

Ақ шаш, шаштарының жоқтығы, әжім, көп жұмыс істей алмайды, жақсы көре алмайды, жақсы естімейді, көп ауырады, өледі - 4 балл. Бір немесе екі айырмашылық - 2 балл. дұрыс емес жауап - 0 балл.

16. Неге адамдар спортпен шұғылданады?

Екі жағдайда (денсаулығы мықты болуы үшін, шынығу үшін, күшті болу үшін, тез жүріп тұру үшін, өздерін тік ұстау үшін, семіз болмау үшін) - 4 балл. Бір жағдайда - 2 балл. дұрыс емес жауап - 0 балл.

### **1.2. Ер адамның суретін салу**

Бағалау:

1 балл. Мынадай жағдайда қойылады:

- 1) Салынған суреттің басы, денесі, қол-аяғы болуы керек.
- 2) Басы мойын арқылы денесімен жалғасып, денесінен басы үлкен болмауы керек.
- 3) Басында шашы бар немесе бас киімі болуы \ мүмкін. \
- 4) Құлақ, көзі, аузы мен мұрыны болуы керек.
- 5) Қолдың бес саусағы болуы қажет.
- 6) Аяғы.
- 7) Киімі ер адамдікіндей бір-бірімен байланыста болуы керек.

2 балл.

1) 3 деталь мойыны, шашы, бір саусағы болмаса да 1-балдағы жағдайлар орындалуы тиіс.

3 балл.

- 1) Салынған суретте басы, тұлғасы, денесі, аяқ-қолы болуы керек.
- 2) Қол-аяғы екі сызықпен салынуы керек.
- 3) Мойны, шашы, құлағы, киімі, саусағы салынбаған.

4 балл.

- 1) Тек басы, тұлғасы болған жағдайда.
- 2) Бір сызықпен қол немесе аяғы берілуі тиіс.

5 балл.

Нақты дененің суреті салынбаған жағдайда.

### **1.3. Сөздік тест бойынша бағалау**

Мына сөйлемді көшіріп жаз. «Ол ас ішті».

1 балл - өте жақсы көшірілген.

Үш сөз бір-бірімен байланысып тұруы, арақашықтығы сақталуы керек.

2 балл. Егер бала анық қылып көшірсе. Әріп мөлшері және арақашықтығы саналмайды.

3 балл. Жазу кем дегенде екі бөлікке бөлінуі керек. Ең болмаса, жазылған әріптердің төртеуі түсінікті болуы керек. Жазу кем дегенде екі бөлікке бөлінуі керек.

4 балл. Қойылу үшін үлгімен аз дегенде екі әріп сәйкес болуы керек.

5 балл. Жазу түсініксіз жағдайда қойылады.

### **1.4. Берілген нүктелердің көшірмесі**

Бұл тест ұзақ жүргізуді қажет етпейді және балл тест соңында беріліп отырады. Қорытынды субтест орындалғаннан кейін барып беріледі.

1 балл. Балаға келесі жағдайда қойылады. Үлгінің өте жақсы көшірмесі. Тек бір ғана нүктенің қатардан жіберілуі. Суретті кішірейтуге рұқсат етіледі, үлкейтуге болмайды.

2 балл. Нүкте саны және орналасуы үлгі бойынша тұруы керек. Үш нүктенің салынуы ұмытылса да 2 балл қойылады.

3 балл. Өзінің салынған контуры бойынша үлгіге ұқсайды. Ұзындығы мен биіктігі үлгіден 2 есе үлкен болмауы керек. Нүктелер 20-дан аспауы және 7-ден аз болмауы керек.

4 балл. Сурет өз контуры бойынша үлгіге ұқсамайды, бірақ нүктеден тұрады.

Суреттің үлкендігі және нүкте саны қажет емес.

5 балл. Түсініксіз сызулар.

Қорытынды соңғы 3 тапсырма бойынша жасалады. Қосылған ұпайлардың саны 3-6 болса, баланың мектепке дайындығы жоғары. 7-11 ұпай - баланың мектепке дайындық деңгейі орташа, 12-15 ұпай - баланың мектепке дайындық деңгейі төмен.

Тапсырма

Мына нүктелерге мұқият қарап алыңыз да, қасына дәл осылай көшіріп салуға тырысыңыз.

**Кімге не жетпейді?**

Бұл әдістеме баланың 5-6 жас аралығындағы ойлау деңгейінің психодиагностикасын жасауға арналған. Бұл әдістемеге кірген тапсырманы бастамас бұрын, балаға сурет көрсетіледі және бұл суретте әр балаға бір нәрсе жетіспейтіні айтылады. Ал жетіспеген зат астыңғы жақтағы суреттерде көрсетілген.

Баланың басты тапсырмасы, тез арада кімге не жетпейтінін табу.

Қорытынды баға:

- 10 балл - тапсырма 30 секунд аралығында орындалған.
- 8-9 балл - тапсырманың орындалу уақыты 31-49 секунд аралығында.
- 6-7 балл - орындалған тапсырма 50-68 секунд аралығын қамтиды.
- 4-5 балл - 70-80 секундқа дейінгі уақыт ішінде.
- 3-4 балл - орындалған тапсырма 90-100 секунд аралығында.
- 0-1 балл - тапсырма 110 және одан жоғарғы уақыт ішінде орындалды.

Ойлау қабілеті деңгейінің бағасы.

- 10 балл - өте жоғары;
- 8-9 балл - жоғары;
- 6-7 балл - орташа;
- 4-5 балл - орташа;
- 2-3 балл – төмен;
- 0-1 балл — өте төмен.

**Жиналыс қаулы етеді:**

1. Педагогтардың қорытынды есебі жақсы деп бағалансын
2. Жазғы сауықтыру іс-шаралары ұйымдастырылсын

Меңгеруші

Хатшы



А. Таженова

Г. Даужанова

